

Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 23/274 "2019 - 2021 жылдарға арналған Жармыш ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 маусымдағы № 28/322 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 маусымда № 3938 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы №27/313 "Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 8 қаңтардағы №22/256 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3901 болып тіркелген) сәйкес, Маңғыстау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Жармыш ауылының бюджеті туралы" Маңғыстау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қаңтардағы №23/274 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3810 болып тіркелген, 2019 жылғы 7 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Жармыш ауылының бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 78 000,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 2 750,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 75 250,0 мың теңге;

2) шығындар - 79 517,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 теңге;

бюджеттік кредиттер - 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 517,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 517,8 мың теңге, оның ішінде;

қарыздар түсімі - 0 теңге;

қарыздарды өтеу - 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары –1 517,8 мың теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. 2019 жылға арналған Жармыш ауылының бюджетіне аудандық бюджеттен 75 250,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Маңғыстау аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Е. Қалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Т. Қылаңовқа жүктелсін.

4. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Маңғыстау аудандық мәслихатының хатшысы

Т. Ерманов

А. Сарбалаев

Маңғыстау аудандық мәслихатының

2019 жылғы "28" маусымдағы

№28/322 шешіміне

қосымша

Маңғыстау аудандық мәслихатының

2019 жылғы "22" қаңтардағы

№23/274 шешіміне

1 қосымша

2019 жылға арналған Жармыш ауылының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	А т а у ы	Сомасы , мың теңге
			I.Кірістер	7 8 000,0
1			Салықтық түсімдер	2 750,0
	0 1		Табыс салығы	500,0
		2	Жеке табыс салығы	500,0
	0 4		Меншікке салынатын салықтар	2 250,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	100,0
		3	Жер салығы	50,0

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 100,0
2			Салықтық емес түсімдер	0,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін түсімдер	0,0
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	0,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	0,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілетін кредиттер бойынша сыйақылар	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0,0
4			Трансферттердің түсімдері	7 5 250,0
	0 2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	7 5 250,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	7 5 250,0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	А т а у ы	Сомасы , мың теңге
			II.Шығындар	7 9 517,8
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 7 339,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 7 339,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 7 339,0
04			Білім беру	3 4 248,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 4 248,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	3 4 248,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1669,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1669,0

		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1669,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	6 041,8
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 041,8
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 602,8
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 439,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 000,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	220,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	220,0
		028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	220,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	- 1 517,8
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 517,8
			Қарыздар түсімі	0,0
			Қарыздарды өтеу	0,0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 517,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1 517,8
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 517,8

